

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

2. Әлеуметтік педагогика: Дәрістік курс: Жоғарғы оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы/Ред. М.А. Галагузовой. - М.: Гуманит. ВЛАДОС Баспасы, 2003. - 416 б.
3. Социальная работа: введение в профессиональную деятельность: Оқу құралы/ Ред. А.А. Козлов. - М.: КНОРУС, 2005.
4. Әлеуметтік педагогика: энциклопедия /Ред.И.Д.Зверевой. - Киев, 2008
5. Теория социальной работы: Учебник/ Ред. проф. Е.И. Холостовой. - М.: Юрист, 1998.
6. М.В. Фирсов. Введение в теоретические основы социальной работы. (историко-понятийный аспект). - М: «МОДЭК», 1997.
7. Писарев В.Е., Писарева Т.Е.. Теория педагогики. - Воронеж: Изд-во «Кварта», 2009.
8. Әлеуметтік педагогика: Дәрістік курс: Жоғарғы оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы/Ред. М.А. Галагузовой. - М.: Гуманит. ВЛАДОС Баспасы, 2003. - 416 б.
9. Воронин А.С. Словарь терминов по общей и социальной педагогике. -Екатеринбург, 2006.
10. Общие основы педагогики; О.С.Гребенюк, М.И.Рожков., - Владос-Пресс, 2004.

ӘОЖ 159.1.21

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ АЛАТЫН БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАТЫНАСЫ

Орынбекова Айнұр

ainur-samatovna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті
«Психология» мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А. Айтышева

Адамзат психикасының қалыптасуында, оның мәдени жүріс-тұрысы мен мінез-құлқының одан әрі дамып-жетіліп қалыптасуына тілдесу қатынасының тигізер әсері мол. Психологиялық тұрғыдан дамып жетілген адамдармен тілдесудің кеңінен таралған мүмкіндіктерінің арқасында адам өзінің жоғарғы танымдық қабілеттері мен қасиеттеріне иеленеді. Бұл жас уақытында кішкентай бала өзіне қажетті барлық адамгершілік, психикалық, мінез-құлықтық қасиеттеріне тек қана басқа адамдармен тілдесу қатынасы арқылы иеленеді, себебі жасөспірімдік жасқа толмайынша ол өзін-өзі тану, өзін-өзі қалыптастыру және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеттеріне ие бола алмайды.

Баланың психикалық жетілдірілуі қоршаған ортадағы адамдармен тілдесу қатынасынан бастау алады. Бұл нәрестелік кезеңдегі әлеуметтік белсенділіктің негізгі формасы, сондай-ақ онтогенезде қалыптасатын алғашқы түрі болып табылады. Осындай тілдесу қатынасының арқасында нәресте өзіне қажетті барлық ақпараттар мен басқа адамдар тарапынан қолдауға ие болады. Психикалық дамып-жетілдірудің негізгі құралы мен шарты болып табылатын пәндік іс-әрекетке келетін болсақ ол сәл кейінірек пайда болады, өмір жасының екінші жылында.

Тілдесу қатынасында алғашында тікелей еліктеу арқылы (ұқсастыққа үйрену), кейін барып ауызша нұсқаулар (ауызша) арқылы баланың негізгі өмірлік тәжірибесі қалыптастырылады. Кішкентай бала тілдесетін адамдар бала үшін берілген тәжірибені тасымалдағыштар болып табылады, бала тәжірибе алудың осы жолынан басқа, яғни қоршаған үлкен адамдармен тілдесу сияқты, басқа ешқандай жол арқылы мұндай тәжірибеге қол жеткізу мүмкін емес. Тілдесу қатынасының қарқындылығы, оның құрамының әртүрлілігі, мақсаттары мен құралдары кішкентай баланың психикалық дамып жетілуін анықтайтын негізгі маңызды факторлары болып табылады.

Осылайша, байқағанымыздай адам баласы әртүрлі формада келетін тілдесу қатынасынсыз тек психологиялық тұрғыдан дамымай ғана қоймай, сондай-ақ өзінің қарапайым адами тұрғыдан тіршілігін қамтамасыз ете алмайды.

Тілдесу қатынасы мәселелерінің жетілдіру жұмыстарының негізгі тұжырымдамалары Бехтерова В.М., Выготский Л.С., Рубинштейн С.Л., Леонтьев А.Н., Ананьев Б.Г., Бахтин М.М., Мясищев В.Н. және тағы да басқа көптеген Отандық психологтар жұмыстарымен тығыз байланысты, ол өз жұмыстарында тілдесу қатынасын психикалық дамып жетілудің, оның әлеуметтендірілуі мен жекешелендірілуінің және тұлға ретінде қалыптастырылуының негізгі маңызды шарты ретінде қарастырған.

Тілдесудің психологиялық талдауы оның жүзеге асырылуының негізгі механизмдерін ашып көрсетеді. Бұл жерде тілдесу маңызды бір әлеуметтік қажеттілік ретінде алға жүргізіледі, оның жүзеге асырылмаған жағдайында адамның тұлға ретінде қалыптасу қарқыны төмендеп, ал кейде тіптен жойылуына да әкеп соғуы мүмкін.

Психологтар тілдесу қатынасына деген қажеттілікті адамның тұлғалық қалыптасуының маңызды шарттары қатарына жатқызады. Осыған байланысты тілдесуге деген қажеттілік тұлғалардың өзара іс-әрекеттері мен әлеуметтік мәдени ортаның салдары ретінде қарастырылады. Сондай-ақ соңғысы, яғни әлеуметтік-мәдени орта бір уақытта қатарынан берілген қажеттіліктердің негізгі көзі ретінде қызметін атқарады.

Адам жаратылысынан әлеуметтік болып келетіндіктен, ол әр кезде басқа адамдармен тілдесу қатынасын қажет ететін болады. Бұл өз кезегінде өмірлік іс-әрекеттерге қажетті шарттар ретіндегі тілдесу қатынасының әлеуетті үздіксіздігін анықтайды.

Тілдесу қатынасының негізгі мәселелерін шешуде өте құндылықты салым салған ол Отандық мәдени-тарихи психологияның негізін қалаған Выготский Л.С. Тұлғаның сана-сезімінде тілдесудің қайта құрылып, түрлендіру механизмдері туралы түсініктерді Выготский Л.С. өзінің ойлау және сөйлеу мәселелерін зерттеу жұмыстары барысында ашқан.

Сондай-ақ, психология мен педагогикада тілдесу қатынасының мәселелері қарқынды түрде В.М. Бехтеровтың әлеуметтік рефлексстер туралы ілімі еңбектерімен байланысты жүзеге асырылды [1]. Тілдесу қатынасы процесінің бір адамның екінші бір адамға тигізетін әсерінің негізгі маңызды рөлін Бехтеров В.М. санасыз ойларға иландыру, сендіру мен дәлелдердің логикалық формаларына ешбір сүйенішсіз сезіну мен түйсінуге көңіл бөлген. Ол мұндай сендіріп иландырудың тиімді болып келетін шарттарын бөліп көрсетеді: көңіл-күйдің бірлігі, адамдардың уайымға түсуі, жиналыстың біркелкілігі және олардың бір жалпы мақсатқа бағытталуы мен бірыңғай идеялардың бар болуы.

В.Н.Мясищев В.М.Бехтеров пен А.Ф.Лазурскийдің басшылығымен адамның тұлға ретінде қалыптасуын және оның жақындарымен, мәндік әлеуметтік қоршаған ортамен тілдесу қатынасы тәжірибесі әсерінен оған деген қатысын қарастырған [2]. Тілдесу қатынасын ауызша тілдік коммуникация ретінде ғана қарастыратын басқа авторлардан ерекшелігі В.Н.Мясищев тілдесу қатынасын анық үлгіде бір-біріне қатысты және бір-біріне әсер ететін белгілі бір тұлғалардың өзара іс-әрекеттері процесі ретінде қарастыратын толыққанды түрде қарайды.

Сондай-ақ тілдесу қатынасының мәселесін өз жұмыстарында Б.Г. Ананьев қарастырған. Ол тілдесу қатынасын іс-әрекеттің арнайы түрі ретінде қарастырып, оның негізгі мінездемесі ретінде адам тілдесу қатынасы арқылы өзінің басқа адамдармен қатынасын қалыптастырады деп есептеген [3]. Оның жазбаларында тілдесу қатынасы тұлғаның жекеменшік дамып жетілуінің әлеуметтік детерминациясы мінездемесін анықтап, адамның толықтай психикалық ұйымдастырылуының қалыптасуына қатысады делінген. Б.Г.Ананьев тілдесу қатынасының мәселесін шешуде құрастырған негізгі бағытты ерекше атап көрсетуге болады, ол тілдесу қатынасына қатысушылардың бірін-бірі танып білуі. Бұл бағыт тағы да басқа көптеген тілдесу мәселелерінің сұрақтары сияқты А.А.Бодалев және оның оқушылары арқылы жетілдірілген.

Б.Д.Парыгин өз зерттеу жұмыстарында тілдесу қатынасы мәселесін әлеуметтік психологияны зерттеу пәні ретінде бөліп қарастырған. Сол уақыттан бері бүгінгі күнге дейін тілдесу қатынасы қарқынды ғылыми зерттеу пәні түрінде қалыптасып келеді [4].

М.С.Каган өз зерттеу жұмыстарында тілдесу қатынасын субъектті-субъектілік өзара қарым-қатынас түрінде сипаттап көрсетті, сондықтан да бір адам арқылы басқа адам басқарылатын өзара қарым-қатынасты ол тілдесу қатынасы деп есептемеген, себебі бұл жердегі орын ол көрсеткендей субъект пен объектінің арасындағы байланыстан тұру керек. Тілдесу қатынасы –адамдар арасындағы біріккен іс-әрекеттерде қажеттіліктерден туындайтын өте күрделі, көпжоспарлы орнату және жетілдіру процесі [5].

Тілдесу қатынасы – бұл әлеуметтік белсенділіктің өте бір күрделі түрі болып табылады. Онда келесі аспектілер бөлініп көрсетіледі: құрамы, мақсаты және құралы.

Тілдесу қатынасының құрамы – бұл тілдесу қатынасы арқылы адамнан адамға берілетін ақпараттар тізбегі. Бұл ақпараттар құрамында эмоциялық немесе басқа да жағдайларда ынталандыру туралы мәліметтер болуы мүмкін. Мысалы, бір адам тілдесу қатынасының көмегімен басқа бір адамға өзіне керекті қажеттіліктері туралы ақпараттарды бере алады. Тілдесу қатынасы арқылы бір адамнан екінші бір адамға қанағаттандырылғанын қуәландыратын және қуаныш, ыза, кек, қайғы сияқты анықталынған бір үлгіде тілдесушіні дайындау, тілдесуші тарапынан белгілі бір анық іс-әрекеттерді шақыру сияқты әртүрлі эмоциялар тізбегі берілуі мүмкін. Ашулы немесе қайғы-қасіретке ұшыраған адамдарға байланысты қатынасымыз, тілектес қарым-қатынастағы адамдармен немесе жүзінде қуаныш білінетін адамдармен қатынасымыз өзгеше бір бөлек болып келеді. Коммуникативті құрамдас тілдесу қатынасы – адамдар арасындағы ақпарат алмасу немесе бір-бірімен тілдесу қатынасы процесі барысында туындайтын және алмасатын ақпараттар болып табылады.

Тәжірибеде қолданылатын тілдесу қатынасының техникалары мен әдіс-тәсілдерінің жас ерекшеліктері болады. Сонымен балаларда олар үлкен адамдардан ерекшеленеді, ал мектеп жасына дейінгі балалар үлкен мектеп жасындағы балаларға қарағанда үлкен адамдармен бөлек, өздерімен жасты балалармен бөлек тілдесуде болады. Балалар тілдесу қатынасында неғұрлым қызба және тікелей болып келеді, ал олардың тілдесу техникасында ауызша емес құралдар басым болып келеді. Кішкентай балаларда кері байланыс өте әлсіз дамыған, ал тілдесу қатынасында көп жағдайда басым белгідегі эмоциялық мінездеме байқалады. Жасы келе мұндай ерекшеліктер ақырындап жойыла бастайды да, тілдесу қатынасы бейнелі көрінісінде неғұрлым өлшенген, тиімді, ұтымды, ауызша және оңтайлы болып келеді. Сондай-ақ жас ерекшеліктеріне қарай тілдесу қатынасында кері байланыс та жетілдіріле түседі. 3 жастан 6-7 жас аралығында. Әртүрлі табиғаттан берілген табиғи немесе жүре пайда болған тілдесу қатынасының құралдарын өз еркімен таңдау жасау мен оларды қолдануды қалыптастыру. Балаларды сюжеттік-рөлдерді сомдау ойындарына кіріктіргеннен пайда болатын сюжеттік-рөлдік тілдесу деп аталатын қатынастың жетілдірілуі.

Мектепке барғаннан кейін кішкентай баланың тұлғалық және біліктілік жағынан өсуі қарқындай түседі. Тілдесу қатынасының құрамы тереңдей түсіп, неғұрлым анық және айқын бола тұра, негізгі құралдары жетілдіріліп, мақсаттары саралана түседі. Тілдесу қатынасы біліктіленіп, ауызшалана бастайды, бір-біріне тәуелсіз қатынаста айқын анықталынған тұлғалық және іскерлік тілдесу қатынасы да дами бастайды.

Осылайша, сөйлеу мәнерін жетілдіру көлеміне қарай тілдесу процесіндегі берілетін және қабыл алынатын барлық ақпараттар құрамын да әртүрлі етіп түрлендіруге болады, ал толық үйренгеннен кейін тілдесу қатынасының әртүрлі құралдарын қолдануға болады. Нәтижесінде тілдесу қатынасы құрал-саймандық жағынан да құрамы молая түседі. Мектепке барғанда кішкентай балада мектеп жасына дейінгі уақытта болған тілдесудің анықталынған бір деңгейіне ие болады. Негізгі (тек қана баланы алғашқы мектепке дайындауға қажетті) алғышарттарына келесі компоненттер кіреді:

- Баланың үлкен адамдармен және өзімен жасты балалармен тілдесуді қажет етуі;
- Айқындалған ауызша және ауызша емес тілдесу құралдарын иелену;

- Серіктесу процесіне қолайлы (яғни, негативті емес, керісінше, шама келгенше эмоциялық позитивті) қатынасы;
- Тілдесу қатынасы бойынша серіктестікке бағдарлану
- Тілдесушіні тыңдай білу;

Тілдесу қатынасы тәжірибесіне молынан иелене отырып, балалар ойындағыларын табысты түрде есептеп санасып қана қоймай, сондай-ақ басқа адамдардың мүмкін болатын әртүрлі қажеттіліктері мен қызығушылықтарымен байланысты болып келетін ойларын алдын-ала біле алатын болады. Осылайша келтірілген деректерден шығаратын қорытынды, тілдесу қатынасы – баланың адам болып қалыптасуында үлкен мәнге ие болатын әлеуметтік белсенділіктің негізгі бастаушы формасы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Овчаренко В. И. Бехтерев Владимир Михайлович // Российские психоаналитики (электронная версия книги). - М.: Академический Проект, 2000.
2. В.Н. Мясищев. Психология отношений. Избранные психологические труды. Под редакцией А. А. Бодалева Москва - Воронеж 1995 г.
3. Б.Г. Ананьев. Личность, субъект деятельности, индивидуальность. М.: Директ-Медиа, 2008.
4. [История отечественной социальной психологии // методология и история психологии. - 2006. — Том 1. — Выпуск 2. — С.21-31](#)
5. Каган М.С. Мир общения: Проблема межсубъектных отношений М.: Политиздат, 1988. - 319 с.

УДК 37. 378

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Өтесбай Жазира Өтесбайқызы

zhaziraotesbay@gmail.com

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Физика мамандығы,
3 курс студенті, Алматы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Жұмашева С.С., п.ғ.к., доцент

«Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында жоғары білім саласы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс, елдегі ЖОО-ы әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне еруге ұмтылулары керек делінеді. Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуы Қазақстан университеттері мен студенттеріне жаңа межедегі мүмкіндіктер береді:

- 1) еуропалық стандарттарға сәйкестендірілген отандық білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын енгізуге;
- 2) отандық квалификациялық және академиялық дәрежені тануға;
- 3) оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуге;
- 4) Қазақстан студенттеріне шетел университеттерінде кредиттерді қайта тапсыруға және керісінше;
- 5) жоғары білім жөніндегі қазақстандық дипломдардың еуропалық аймақтарда жарамдылығын қамтамасыз етуге жағдай жасауға және кез-келген елде түлектердің жұмысқа орналасуына.

Сонымен қатар, Болон Декларациясының негізгі ұстанымдарының бірі - оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы. Осыған орай өз азаматтарының қабілеттері мен мүмкіндіктерін кеңінен қолдана отырып, үзіліссіз оқыту арқылы жоғары білім аясын кеңейту